



ШЖҚ РМҚ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



**БЕКІТЕМІН**


Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік университеті  
Ректоры

*А.А. Талтенов*  
«14» *желтоқсан* 2018 ж.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ИНСТИТУТЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

СМЖ № 150

Атырау 2018ж.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Қазақстан халқы Ассамблеясы институты туралы Ереже	2-бет, 12беттен тұрады

### Алғы сөз

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** Ғылым департаменті

2. **ЕНГІЗГЕН:** Сапа менеджмент жүйесі қызметі

3. **ӘЗІРЛЕУШІ:**


Қыдыралина Ж.Ү. – Қазақстан халқы Ассамблеясы институтының директоры

4. «14» сентябрь 2018 ж. **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

5. **ЕНГІЗІЛДІ: БІРІНШІ БАСЫЛЫМ**

6. Құжатты **ҚАЙТА ҚАРАУ** мерзімділігі 3 жылда 1 рет.

Құжатты кейінгі **ТЕКСЕРУ** – 2021 жыл.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Қазақстан халқы Ассамблеясы институты туралы Ереже	3-бет, 12беттен тұрады

## Мазмұны

1	Жалпы ереже	4
2	Қысқартулар	4
3	Мақсаттары мен міндеттері	4
4	Негізгі жұмыс бағыттары мен қызметі	5
5	Ұйымдық құрылымы	7
6	Өзге құрылымдармен байланыс	7
7	Құқығы	8
8	Жауапкершілігі	8
9	Өзгертулер	9
10	Келісім алу, сақтау және тарату	9
11	Келісім парағы	10
12	Танысу парағы	11
13	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	12

## 1 Жалпы ереже

- 1.1 Қазақстан халқы Ассамблеясы институты (бұдан әрі – Институт) Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.
- 1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясы институты бірнеше бағытта жұмыс жасайды. Ол этносаралық байланыстар саладағы үдерістерді зерттейтін, қоғамдық келісім мен ұлт бірлігінің қазақстандық моделін насихаттайтын ғылыми-зерттеу институты, оқу-әдістемелік, сараптама-талдау орталығы және қазақстандық бірегейлікті нығайтуға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарды өзара байланыстыратын диалог алаңы ретінде жұмыстар атқарады. Институттың "Рухани жаңғыру" қоғамын рухани жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру, сондай-ақ тарихи сананы жаңғырту, ұлт біріктіретін құндылықтарды нығайту жөніндегі қызметі идеологиялық қызметті де атқарады.
- 1.3 Институт өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасы «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы басқа да нормативтік құқықтық актілерін, университет Жарғысын, ректордың бұйрықтары мен өкімдерін, осы Ережені басшылыққа алады.
- 1.4 Институтты басқаруды институт директор жүзеге асырады. Институт директоры мемлекеттік университет ректорының бұйрығымен тағайындалады және қызметінен босатылады.
- 1.5 Институт өз қызметін университеттің ректоры бекіткен жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

## 2 Қысқартулар


ҚХА – Қазақстан халқы Ассамблеясы;  
АтМУ-Атырау мемлекеттік университеті;  
ОЖП-Оқу ісі жөніндегі проректор;  
ҒЖП-Ғылым жөніндегі проректор;  
ЖОО-Жоғары оқу орны;  
КММ- Коммуналдық мемлекеттік мекемесі;  
ПОҚ-Профессор оқытушылар құрамы;  
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары;  
СМЖ – Сапа менеджмент жүйесі;  
ЭМБ-Этномәдени бірлестік;  
ҚББ-Құрылымдық бөлімнің басшысы.

## 3


### 3.1 Мақсаттары мен міндеттері

#### 3.1.1 Институттың мақсаттары:


- Этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға ықпал жасау, қазақстандық отансүйгіштікті, азаматтық бірегейлік пен жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыру мен нығайту;
- 3.1.2 Мемлекеттің этносаясатын іске асыру, қоғамдық келісім мен ұлт бірлігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша университеттегі факультеттер мен кафедраларының оқу-тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмыстарын реттеу;
- 3.1.3 Этносаралық және конфессияаралық саласындағы үдерістерді ғылыми тұрғыда зерттеу; мемлекеттік этносаясат, этноконфессияаралық қатынастар мәселелері бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді іске асыру;

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х. Досмұхамелов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Қазақстан халқы Ассамблеясы институты туралы Ереже	5-бет, 12беттен тұрады


- 3.1.5 Қазақстанның көпэтносты халқының рухани-мәдени мұрасын жан-жақты зерделеу, сақтау және дамыту;  
Қазақстанның барлық этникалық топтардың өзіндік мәдениеті мен дәстүрлерін зерттеуге студент жастарды тарту, әрбір қазақстандықтың еліміздегі өзгерістер үдерістеріне атсалысуыш қалыптастыру, Қазақстан халқы Ассамблеясы (бұдан әрі - ҚХА) әлеуметтік маңызы бар жобалар мен акциялары туралы университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерді және жалпы қауымды таныстыру және қатыстыру, ҚХА-ның қызметін жетілдіру мен оның әлеуетін дамытуға ықпал жасау.
- 3.2 Міндеттері:**
- 3.2.1 Қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін түсіндіру, зерделеу және насихаттаудың бірыңғай ғылыми-теориялық, әдіснамалық және практикалық ұстанымдарды қалыптастыру үшін университеттің факультеттері мен кафедраларының ғылыми-интеллектуалды әлеуетін біріктіру;
- 3.2.2 Этносаралық, конфессияаралық қатынастар, этносаясат және мәдениетаралық байланыстар саласындағы пәндердің теориялық-әдіснамалық негіздерін дайындау;
- 3.2.3 Этносаралық және конфессияаралық қатынастар, Қазақстан этностарының тарихы мен мәдениеттеріне бағытталған пәндер мен арнайы курстарды оқу процесіне енгізу туралы әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу;
- 3.2.4 Ғылыми әдебиетті талдау, кешенді тұрғыда және пәнаралық байланыстар негізінде этникалық саладағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдап қорыту;
- 3.2.5 Бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру үшін сарапшылар қауымдастықтар мен ғылыми топтарды құру;
- 3.2.6 Этносаяси саланы зерттеу кезінде елдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени үдерістерді кешенді тұрғыда зерттеуді қамтамасыз ету;
- 3.2.7 Атырау облысы ҚХА мен этномәдени бірлістіктерімен, қаланың, облыстың қалың жұртшылығымен тығыз байланыс орнату;
- 3.2.8 Қазақстан халқы Ассамблеясының мақсат міндеттеріне сәйкес этносаралық және конфессияаралық келісіммен қоғамдық тұрақтылығының қазақстандық үлгісін зерттеу мен насихаттауға арналған әлеуметтік мағынасы бар жобаларының іске асыруына атсалысу.
- 4 Негізгі бағыттары мен қызметі**
- 4.1 Институт өз қызметін келесі **бағыттары** бойынша атқарады:
- ғылыми-зерттеу;
  - оқу-әдістемелік;
  - сараптамалық-талдау;
  - ақпараттық-түсіндіру.
- 4.2 Институттың қызмет аясы**
- 4.2.1 Оқу-әдістемелік және оқу-тәрбие жұмысы**
- 4.2.1.1 Этносаралық өзара әрекеттістіктің тарихы мен мәдениеті туралы курстар мен пәндерінің оқу бағдарламаларына мемлекеттік этносаясаттың, этносаралық толерантылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін, Елбасының қоғамдық келісім және тарихи сананы жаңғыртуға байланысты бағдарламалық құжаттардың негізгі қағидаларын енгізу туралы ұсыныстарды даярлау;
- 4.2.1.2 Оқу курстарын даярлау барысында этносаралық саладағы үдерістерді бірыңғай теоретикалық-әдіснамалық тәсілдер арқылы түсіндіру, этносаралық қатынастырдың мәдениеті мен этиканың, қоғамдық келісім мен

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Қазақстан халқы Ассамблеясы институты туралы Ереже	6-бет, 12беттен тұрады

- толеранттылығы қазақстандық үлгісінің қағидаларын қоғамдық санаға енгізу;
- 4.2.1.3 Этносаяси үдерістерді зерттеу және ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттің этносаясатын жетілдіру бойынша әдістемелік ұсыныстарды жасау;
- 4.2.1.4 Қоғамдық келісім мен ұлт бірлігінің қазақстандық үлгісін, Қазақстан халқы Ассамблеясының ролі мен қызметін насихаттауға арналған студенттер арасында тақырыптық дәрістер, кездесулер, конференциялар, сайыстарды ұйымдастыру мен өткізу;
- 4.2.1.5 Этносаралық және конфессияаралық қатынастар мәселелері бойынша жұртшылық алдында облыстық Достық үйінде, т.б. мекемелерде тақырыптық дәрістер мен баянадамалар оқу.
- 4.2.2 Ғылыми-зерттеу жұмысы**
- 4.2.2.1 Этносаралық және конфессияаралық қатынастар саладағы мемлекеттің этносаясаты туралы ғылыми зерттеулер жүргізу;
- 4.2.2.2 Тарихи сананы жаңғыртуға, Республиканы мекендейтін барлық этностар арасында Қазақстан тарихының ортақтығы туралы сезімді қалыптасыруына ықпал ететін жаңа ғылыми жобаларды іске асыру;
- 4.2.2.3 Ғылыми еңбектерді даярлау және ғылыми нәтижелерін жариялау (ғылыми баяндамалар, мақалалар, жинақтар, ғылыми монографиялар және т.б.);
- 4.2.2.4 Ғылыми-ұйымдастырушылық шараларды өткізу, институттың зерттеу бағыттары бойынша халықаралық ғылыми конференциялар, «донгелек үстелдер», ғылыми-теоретикалық семинарлар, байқаулар;
- 4.2.2.5 Қоғамдық және тарихи сананы жаңғыртудың өзекті мәселелері бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулерді қаржыландыруға арналған мемлекеттік тапсырысты игеру үшін конкурстарына қатысу;
- 4.2.2.6 Этносаяси саласындағы мәселелер, этностардың тарихы мен мәдениеттері бойынша халықаралық және республикалық ғылыми конференциялармен жобаларға қатысу;
- 4.2.2.7 Отандық және шетелдік ғылыми орталықтармен тікелей қарым-қатынастар орнату мен дамыту;
- 4.2.2.8 Этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы үдерістерді зерттеу үшін университеттің профессор-оқытушылар құрамы және жұртшылық өкілдерінен ғылыми-әдістемелік бірлістігін құру мен жұмысын ұйымдастыру;
- 4.2.2.9 Этноконфессияаралық қатынастар мәселері бойынша Атырау облысы ҚХА Хатшылығы, Ғылыми-Сараптамалық тобы пен Кеңесінің, этномәдени бірлестіктері, мемлекеттік және қоғамдық мекемелер мен ұйымдары жұмыстарының мазмұны мен формаларын жетілдіруіне ғылыми-әдістемелік көмек пен кеңестер беру;
- 4.2.2.10 Зерттеу тақырыбы этносаясат саласымен байланысты дипломдық жұмыстарды, магистрлік және докторлық диссертацияларды дайындауда студенттерге, магистранттарға және докторанттарға көмек көрсету және кеңес беру.
- 4.2.3 Сараптамалық-талдау жұмысы**
- 4.2.3.1 Қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту саласындағы заң жобаларын талқылауға және сараптауға қатысу;
- 4.2.3.2 БАҚ-та сөз сөйлеулер, түсініктемелер мен сұхбаттарды дайындау;
- 4.2.3.3 Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың сұраулары бойынша сараптамалық қорытындылар дайындау;
- 4.2.3.4 Қазақстан этностарының тарихы мен мәдениеті, этносаясаты саласындағы бағдарламалық-мақсаттық және гранттық тұрғыда қаржыландыратын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерінің орындалу сапасын сараптау және

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Қазақстан халқы Ассамблеясы институты туралы Ереже	7-бет, 12беттен тұрады

- мониторинг жасау жұмыстарына қатысу;
- 4.2.3.5 Этносаясат мәселелері бойынша «дөңгелек үстелдер», дискуссиялық алаңдарды ұйымдастыру;
- 4.2.3.6 Аймақтағы этникалық және діни ахуалды зерттеу;
- 4.2.3.7 ҚХА хатшылығына, этномәдени бірлестіктерге (бұдан әрі – ЭМБ) әлістемелік, консультациялық көмек көрсету;
- 4.2.3.8 МС ИСО 9001: 2008 талаптарына сәйкес университеттің сапа менеджменті жүйесін әзірлеуге, енгізуге, қолдауға және үнемі жақсартуға қатысу.
- 4.2.4 Ақпараттық-түсіндіру және ағартушылық жұмыс**
- 4.2.4.1 Этносаралық толеранттылықтың қазақстандық моделін танымал ету бойынша БАҚ-та, ғылыми басылымдарда сөз сөйлеулер мен жарияланымдарды дайындау;
- 4.2.4.2 Ұйымдар мен мекемелерде этносаясаты мәселелері бойынша сөз сөйлеуді ұйымдастыру;
- 4.2.4.3 1 мамыр - Қазақстан халқының Бірлігі күніне, 22 қыркүйек - Қазақстан халқының Тілдері күніне, 31 мамыр – Саяси қуғын - сүргін құрбандарын еске алу күніне, 1 наурыз – Алғыс күніне, 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне, 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне және т. б. арналған ҚХА, ЭКО-мен бірлесіп бейбітшілік пен келісімді нығайту бойынша түрлі іс-шаралар, дөңгелек үстелдер, акциялар ұйымдастыру және өткізу;
- 4.2.4.4 Жаңа ғылыми басылымдар мен оқу-әдістемелік әзірлемелерді танымал ету, этносаяси зерттеулер саласындағы ғылыми жетістіктер туралы кең жұртшылықты хабардар ету.
- 5 Ұйымдық құрылымы**
- 5.1 Институттың құрылымы университеттің штаттық кестесімен белгіленеді. Институттың құрылымы мен штатын университеттің ректоры бекітеді.
- 5.2 Институт тікелей Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректорына бағынады, ол институт қызметіне жалпы қадағалауды жүзеге асырады. Институт қызметінің келесі бағыттарына жетекшілік етеді: ғылыми-зерттеу бағыты – ғылым жөніндегі проректор, оқу-әдістемелік бағыты – оқу істері жөніндегі проректор.
- 5.3 Институттың ағымдағы жұмысын ұйымдастыру үшін Институт директоры тағайындалады.
- 5.4 Институт директорының құзыреті, құқығы, міндеттері, жауапкершілігі, қызметінің талаптары қызметтік нұсқаулықпен белгіленеді.
- 5.5 Институт атауының өзгертілуі университет ректорының бұйрығы бойынша университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен енгізіледі.
- 5.6 Институттың жұмысын орындауға университеттің ИОҚ, студенттер мен магистранттар тартылады.
- 6 Өзге құрылымдармен байланыс**
- 6.1 Институт өз қызметін атқару барысында университеттің басқа да бөлімшелерімен және басқа да мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу институттармен, басқа да мекемелерімен өзара байланыс орнатады.
- 6.2 Институт өз қызметін Атырау облысы әкімі аппараты ҚХА Хатшылығы мен «Қоғамдық келісім» КММ, облыстық Достық үйі, этномәдени бірлестіктерімен тығыз байланыстар орнатады. Аталған мекемелермен азаматтық бейбітшілікті және этносаралық төзімділікті сақтау мен нығайтуға бағытталған ғылыми-білім беру, әлеуметтік-мәдени шаралар, акциялар ұйымдастырады.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Қазақстан халқы Ассамблеясы институты туралы Ереже	8-бет, 12беттен тұрады

6.3 Сондай-ақ Институт әдістемелік орталықтары ретінде танылатын Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің ҚХА кафедрасы мен «Республикалық ЖОО ҚХА кафедраларының Ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі және басқа да Қазақстандағы ЖОО-ның құрылымдарымен тығыз байланысты орнатады.

## 7 ҚҰҚЫҒЫ


Институттың құқықтары:

- 7.1 Университет Жарғысына қайшы келмейтін өз қызмегінің негізгі бағыттарын және ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттарына, университеттің даму стратегиясына және институттың ғылыми бағыттарына сәйкес дербес анықтау;
- 7.2 Институт өз қызметін қамтамасыз ету үшін университеттің құрылымдық бөлімшелері басшылығынан қажетті ақпарат мен материалдарды алу;
- 7.3 Институттың қызметін жетілдіру үшін университеттің басшылығына ұсыныстар енгізу;
- 7.4 Университет тарапынан институттың құзыретіне қатысты мәселелері бойынша басқа мекемелерде және ұйымдарда өкілеттілік ету;
- 7.5 Институттың қызметіне байланысты мәселелері бойынша ғылыми конференциялар, т.б. шараларға қатысу және семинарлар, тренингтер мен конференциялар өткізу;
- 7.6 Қызметтік міндеттерді орындау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық жағдайларды қамтамасыз ету. Университеттің материалдық-техникалық базасының (аудио-бейне жабдығы, мультимедиалық жабдық, кітапхана қорлары және т.б.) аудиториялық қорын, құрал-жабдықтарын және ғаламтор ресурстарын пайдалану;
- 7.7 Ғылыми-зерттеу жұмыстарының өніміне (нәтижелеріне) авторлық құқықты қорғау. Кәсіби қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес алынған жеке зияткерлік меншікке ие болу;
- 7.8 Институттың қызметі жөніндегі мәселелері талқыланытын университеттің құрылымдық бөлімшелерінің жиналыстарына қатысу;
- 7.9 Мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде және өзге де ұйымдарда қызметтік міндеттерін орындауға байланысты белгіленген тәртіппен қол жеткізу;
- 7.10 Институттың қызметін іске асыру үшін этносаяси зерттеулер саласында жұмысшы органдары мен бірлестіктерді құру (ғылыми-әдістемелік бірлестік, студенттік ғылыми бірлестік, т.б.);
- 7.11 Институттың бағытына сай ғылыми зерттеулердің тақырыптарын, қызметтің түрлері мен бағыттарын таңдауға;
- 7.12 Оқу үдерісін ұйымдастыру және жетілдіру, халықаралық байланыстарды дамыту жөнінде ұсыныстар беру;
- 7.13 Университеттің Ғылыми Кеңесінің отырыстарында оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметі туралы маңызды мәселелерді талқылау;
- 7.14 Республикалық форумдар, конференциялар, жиналыстар, ғылыми-сараптамалық кеңестердің отырыстарына және университеттің, институттың шенберінде өткізіліп жатқан шараларға қатысу;
- 7.15 Лауазымдық регламент және иеленген лауазымы бойынша құқықтары мен міндеттерін анықтайтын басқа да құжаттармен танысу;
- 7.16 Отандық және шетелдік жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарында, мемлекеттік мекемелерінде, т.б. ұйымдарда мамандардың кәсіби деңгейін көтеру.


## 8 Жауапкершілігі

8.1 Институт қызметіне институт директоры еңбек шартының талаптарына және






 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Қазақстан халқы Ассамблеясы институты туралы Ереже	9-бет, 12беттен тұрады

- 8.2 лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жауапты болады.  
Институт жауапты:
- қызметтің тиісті ұйымдастырылуы мен тиімділігі үшін;
  - кәсіби этика нормаларын, институттың ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау;
  - қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау;
  - мүліктің сақталуы және ақпараттық қауіпсіздік;
  - университеттің сапа менеджменті жүйесі саласындағы ИСО 9001-2008 МС талаптарын орындау;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасымен, институт туралы ережемен және институттың, Университеттің басқа да актілерімен карастырылған басқа да міндеттерді орындау.
- 9** **Өзгертулер**
- 9.1 Ережеге енгізілетін өзгерістер ОІЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.
- 9.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.
- 9.3 Ережені ҚББ үш жылда 1 рет қайта қарап отырады.
- 9.4 **Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:**
- заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;
  - ректордың бұйрықтары;
  - құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
  - құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;
  - ҚББ мен ҒЖП-дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.
- 9.5 Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.
- 9.6 Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ережелерді университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.
- 9.7 Ескірген, күшін жойған Ережелерді жинап алуға және жаңасымен ауыстыруға ҚББ және СМЖ қызметі жауапты.
- 10** **Келісім алу, сақтау және тарату**
- 10.1 Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілері талаптарына сай жасалуын СМЖ қызметі жүзеге асырады.
- 10.2 Ережені ҚББ дайындап, жасайды.
- 10.3 Ереже келісімімен жасалады:
- ОІЖП;
  - СМЖ қызметімен;
  - заң кеңесшісімен.
- 10.4 Ережені ректор бекітеді және оның күшін жоюына дейін қолданыста болады.
- 10.5 Ереженің түпнұсқасы СМЖ қызметінде сақталады.
- 10.6 Ереженің тіркеуге алынған жұмыс даналарын тиісті бөлімдерге жеткізуді СМЖ қызметі жүргізеді.
- 10.7 Құрылымдық бөлімдегі Ережелердің тіркеуге алынған жұмыс даналарын сақтауға ҚББ жауапты.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым:бірінші
	Қазақстан халқы Ассамблеясы институты туралы Ереже	10-бет, 12беттен тұрады

### КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Т.А.Ә.	Келісу күні	Жеке қолы
Оқу ісі жөніндегі проректор	Джарасова Г.С.	<u>12.12.</u> 2018ж.	 _____ (КОЛЫ)
Ғылым жөніндегі проректор	Идрисов С.Н.	<u>12.12.</u> 2018ж.	 _____ (КОЛЫ)
Ғылым департаментінің директоры	Мусаева А.А.	<u>12.12.</u> 2018ж.	 _____ (КОЛЫ)
Қазақстан халқы Ассамблеясы Институтының директоры	Қыдыралина Ж.У .	<u>12.12.</u> 2018ж.	 _____ (КОЛЫ)
СМЖ қызметінің бастығы	Балтурганова С.К.	<u>12.12.</u> 2018ж.	 _____ (КОЛЫ)
Заң қызметінің жетекшісі	Куанов К. С.	<u>12.12.</u> 2018ж.	 _____ (КОЛЫ)



